

## **World Medicine ӨНІМДЕРІ**

«World Medicine İlaç Sanayi ve Ticaret A.Ş.» компаниясы 2011 жылы Түркияда World Medicine корпоративтік тобының құрамында құрылған.

Компанияның негізгі мақсаты – тұрақты сапа стандарттарына сәйкес инновациялық тәсілді қолдана отырып, әлем бойынша қолжетімді және тиімді өнімдерді ұсыну арқылы адамдардың өмір сүру сапасын арттыру. Өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдер мен салаларда сенімді серіктес әрі жетекші компания болуды мақсат еткен World Medicine офтальмология, неврология, эндокринология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, урология және пульмонология сияқты бағыттарда 600-ден астам фармакологиялық өнімнен тұратын кең портфеліне ие.

World Medicine дәрілік өнімдерін 65-тен астам елге экспорттайды. Компанияның бас кеңсесі Түркияда орналасқан, ал жоғары технологиялық жабдықтармен қамтылған ғылыми-зерттеу орталығы Ыстамбұл қаласында орналасқан.

Компанияның Түркиядағы өндірістік нысандары Ыстамбұл мен Текирдаг – Черкезкөй қалаларында орналасқан. Халықаралық өндірістік нысандары Алжирде жұмыс істейді.

Компанияның табыс тарихы 2016 жылы «Фармацевтикалық өнімдер экспорты» санатында 9-орын алуынан басталды. 2017 жылы «Экспорттағы ең жылдам дамушы компания» марапатын және осы санатта 3-орынды иеленді. 2018 жылы «Экспорт жұлдыздары» сыйлығында 3-орын, ал 2019 жылы İKİMВ рейтингінде «Фармацевтикалық экспорт» санатында 2-орын алды. 2020 жылдан бастап World Medicine Түркиядағы фармацевтикалық экспорт саласының көшбасшысы болып, келесі жылдары да бұл позициясын сақтап келеді.

Компания ISO 500 рейтингінде де жоғары орындарға ие. 2024 жылы 378-орынға көтеріліп, 2025 жылы 342-орынға жетті. Сонымен қатар, «Түркияның ең ірі 1000 экспорттаушысы» тізімінде де тұрақты түрде жоғары көрсеткіштер көрсетіп келеді.

World Medicine өндірістік инвестициялармен қатар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (R&D) ерекше мән береді және инновациялық технологияларды белсенді түрде енгізеді.

2015 жылы Түркияның Ғылым, өнеркәсіп және технология министрлігі тарапынан лицензияланған WMARGE ғылыми-зерттеу орталығы өнімдерді әзірлеу жобаларын 100-ден астам маманнан тұратын кәсіби командамен жүзеге асырады. Жалпы ауданы 5 000 м<sup>2</sup> болатын орталықта аналитикалық әзірлеу, формуляция зертханасы және инновациялық зертхана сияқты бөлімдер жұмыс істейді.

Компания WMINOLAB инновациялық зертханасы арқылы талдау қызметтеріне де инвестиция салып, дәрілік өнімдердің сапасын арттыруды және сыртқы тәуелділікті азайтуды мақсат етеді.

World Medicine жыл сайын «R&D 250 – Түркиядағы ғылыми-зерттеу шығындары ең жоғары компаниялар» тізіміне еніп, қарқынды дамуын жалғастыруда.

Компания өз қызметінде қоғам мен қоршаған орта алдындағы жауапкершілікті де басты назарда ұстайды. Осы бағытта өндірістік нысандарында жасыл энергияны пайдаланғаны үшін IREC (International Renewable Energy Certificate) сертификатына ие болған.

Әлеуметтік жауапкершілік жобалары аясында World Medicine білім беру мен тең мүмкіндіктерді қолдауға бағытталған бастамаларды жүзеге асырады. Компания әйелдер мен жас қыздардың дамуына ерекше көңіл бөліп, медицина, химия, биология, генетика және фармация салаларында білім алатын студенттерге шәкіртақы, тәжірибе және жұмыс мүмкіндіктерін ұсынады.

Үздіксіз дамып келе жатқан World Medicine халықаралық деңгейде Түркияның атын лайықты түрде танытып, жаһандық фармацевтика нарығындағы орнын нығайтып келеді.